

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 704 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 357-күжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

9-тармақ мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілердің міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерін орындауын бақылауды жүзеге асыру";

10-тармақ мынадай мазмұндағы 72-1), 72-2), 72-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"72-1) өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнаманы бұзудың алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;

72-2) сақтандыру рыногына қатысушылар мен агенттен олардың өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратады;

72-3) сақтандырушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтарулары туралы істерді қарайды".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі